

ӘОЖ 8.81; МҒТАР 16.21.23

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.202>А.Х. АСЕНОВА<sup>1</sup>, Ж.Қ. ТҮЙМЕБАЕВ<sup>2</sup>, А.Б. САЛҚЫНБАЙ<sup>2</sup><sup>1</sup>әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: aygulassenova@gmail.com

<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mails: zhanseit.tuimebayev2@kaznu.edu.kz; asalkbek@gmail.com

**НОҒАЙ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ СЕМАНТИЗАЦИЯСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қыпшақ тілдері бұтағындағы туыстас ноғай тіліндегі кейбір тілдік бірліктердің семантикалық табиғаты қарастырылды.

Жұмысымыздың негізгі бағыты – түркі тілдерінің салыстырмалы тіл білімі, лексикология, семасиология секілді ғылым салаларының аясын кеңейту, мағынаның жалпы заңдылықтарын, семантизациялану процесін зерттеу.

Туыс тілдерді салыстырмалы-тарихи әдіспен талдау – бүгінгі тіл білімінде өзектілігін көрсетіп отырған сала. Ғылыми мақала тіл білімінің соны бағыттағы ұстанымдарына сай түркі тілдеріндегі ұлттық болмысты, тілдің кумулятивті қызметін ортақ тілдік бірліктер, тұрақты тіркестер, паремиологиялық қор арқылы көрсету идеясын қамтыды.

Ғылыми мақалада ноғай тілінің түсіндірме сөздігінен іріктеліп алынған *низам*, *казна* (*қазына*), *нышан*, *сейір* (*сейір*), *татым* және *тоыр* (*төр*) сөздеріне семантикалық талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде, қазақ және ноғай тілдік деректері негізінде ортақ бірліктердегі семантикалық табиғаттың тарылу-кеңею, мағынаның жаңару-күнгірттену үрдістері және түрлі баламалы коннотациялары айқындалды. Түркі тілдерінің ішіндегі жойылу қаупі бар ноғай тілін қарастыруы, бүгінгі тіл білімінде ғылыми тұжырымдарды қажет ететін семасиология саласын қамтуы мақаланың ғылыми өзектілігін көрсетеді.

Мақала барысында қарастырылған тілдік бірліктердің семалық құрылым жасау мүмкіндігін, кейбір сөздердің белгілі бір жағдаяттық мағынасының модификациясын бағамдай алдық. Салыстырмалы семантикалық талдау мағына құрамындағы барлық компоненттерді статикалық күйінде тізіп көрсетуге көмектесті. Зерттеудің бұл бағыты теориялық әрі практикалық тұрғыдан болашақ зерттеушілерге пайдалы болары анық.

**Кілт сөздер:** тарихи-салыстырмалы әдіс, ноғай тілі, ортақ түркілік бірліктер, лексика-семантикалық тәсіл, семантизация.

---

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Асенова А.Х., Түймебаев Ж.Қ., Салқынбай А.Б. Ноғай тіліндегі кейбір лексикалық бірліктердің семантизациясы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.202>

**\*Cite us correctly:**

Asenova A.H., Tuimebaev Zh.Q., Salqynbai A.B. Nogai tilindegi keibir leksikalyq birlikterdin semantizaciya [Semanticization of Certain Lexical Units in the Nogai Language] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.202>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

**A.Kh. Assenova<sup>1</sup>, Zh.K. Tuimebaev<sup>2</sup>, A.B. Salkynbay<sup>2</sup>**<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: aygulassenova@gmail.com*<sup>2</sup>*Doctor of Philological Sciences, Professor  
Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mails: zhanseit.tuimebayev2@kaznu.edu.kz; asalkbek@gmail.com*

### **Semanticization of Certain Lexical Units in the Nogai Language**

**Abstract.** The article examines the semantic nature of certain linguistic units in the related Nogai language, which belongs to the Kipchak branch. The primary focus of the study is to expand the scope of comparative linguistics, lexicology and semasiology in Turkic languages, exploring the general principles of meaning and the process of semanticization.

The comparative-historical analysis of related languages has become a relevant area in modern linguistics. This article reflects contemporary approaches, demonstrating the national identity and cumulative function of language in Turkic languages through shared linguistic units, idiomatic expressions and the paremiological corpus.

The article conducts a semantic analysis of the words «nizam», «kazyna», «nyshan», «seyir», «tatym» and «tor» selected from the explanatory dictionary of the Nogai language. Based on Kazakh and Nogai linguistic data, the study identifies processes of semantic narrowing, broadening, renewal, fading and various connotative nuances of common linguistic units. The exploration of the Nogai language, which is among the Turkic languages under the threat of extinction and its inclusion in the field of semasiology, which requires further scientific elaboration, underline the academic relevance of the article.

The research enabled the study of the potential for forming semantic structures of linguistic units and the modification of the contextual meanings of certain words. Comparative semantic analysis facilitated the enumeration of all components of meaning in a static state. This approach demonstrated significant theoretical and practical value and is certain to be beneficial for future researchers.

**Keywords:** historical-comparative method, Nogai language, common Turkic units, lexico-semantic approach, semanticization.

**A.X. Асенова<sup>1</sup>, Ж.К. Туймебаев<sup>2</sup>, А.Б. Салкынбай<sup>2</sup>**<sup>1</sup>*PhD докторант Казахского национального университета им. аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: aygulassenova@gmail.com*<sup>2</sup>*доктор филологических наук, профессор  
Казахский национальный университет им. аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mails: zhanseit.tuimebayev2@kaznu.edu.kz; asalkbek@gmail.com*

### **Семантизация некоторых лексических единиц в ногайском языке**

**Аннотация.** В статье рассматривается семантическая природа некоторых языковых единиц в родственном ногайском языке, входящем в кыпчакскую ветвь. Основное направление работы – расширение области сравнительного языкознания тюркских языков, лексикологии и семасиологии, исследование общих закономерностей значения и процессов семантизации.

Анализ родственных языков с использованием сравнительно-исторического метода является актуальной областью современного языкознания. Научная статья отражает современные подходы, демонстрируя национальную идентичность и кумулятивную

функцию языка в тюркских языках через общие языковые единицы, устойчивые выражения и паремиологический фонд.

В статье проведен семантический анализ слов «низам», «казына», «нышан», «сейир», «татым» и тоър (төр) отобранных из толкового словаря ногайского языка. На основе данных казахского и ногайского языков исследование выявило процессы сужения и расширения семантического значения, обновления и затемнения значений, а также различные коннотативные оттенки общих языковых единиц.

Рассмотрение ногайского языка, находящегося под угрозой исчезновения среди тюркских языков, а также охват области семасиологии, требующей научных выводов в современном языкознании, подчеркивают научную актуальность статьи.

Исследование позволило изучить возможности создания семантических структур языковых единиц и модификации ситуативного значения некоторых слов. Сравнительный семантический анализ помог перечислить все компоненты значения в статическом виде. Такой подход продемонстрировал высокую теоретическую и практическую значимость и будет полезен для будущих исследований.

**Ключевые слова:** историко-сравнительный метод, ногайский язык, общетюркские единицы, лексико-семантический подход, семантизация.

### Кіріспе

Семантика – тіл біліміндегі мағынаны қарастыратын лексиканың бір саласы. Лингвистикалық семантика тілдің әр деңгейіндегі – сөз, морфема, грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдардың беретін негізгі мазмұнын айқындайды. Бұл термин алғаш рет ағылшын ғалымы С. Ульманның зерттеулерінде көрініс берді. Жеке ғылым саласы ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Неміс тіл білімінде – Х. Рейзиг, француз тіл білімінде – М. Бреал, орыс тіл ғылымында – М. Покровский сынды ғалымдар негізін салғаны белгілі.

Қазақ тіл білімінде семантика саласы туралы алғаш сөз, ұғым және мағына лексемаларының арақатынасын түсіндерген А. Байтұрсынұлынан бастау алады. Одан кейін сөз мағынасы жайлы ғалым К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Т. Қордабаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, М. Оразов, Е. Қажыбеков, М. Сабыр сияқты ғалымдар еңбектерінде сөз болды. Тіліміздегі семантикаға арнап жазылған жеке кітап ретінде М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегін ерекше атауға болады. Еңбекте алғаш рет қазақ тілінің семантика саласы жан-жақты қарастырылған. Сөздің лексикалық қыры, лексикалық және грамматикалық мағынаның айырым белгілері, мағынаның денотаттық, сигнификаттық және эмоционалдық түрлеріне толықтай сипаттама берілген. Шетелдік ғалымдардың тәжірибелері мен зерттеулерін қарастыра отырып, тіліміздегі семантика саласына өзіндік тұжырымдар жасаған [1].

Бүгінгі семантикалық ізденістердің көпшілігі прагматикалық, қатысымдық бағытта жүргізілуде. Сөз мағынасын қатысымдық тұрғыда зерттеу арқылы сөздің маңызды әрі жасырын тұрған, яғни релевантты мағыналарына қол жеткізе аламыз.

Әлемдік тіл білімінде семантика саласы туралы жаңа көзқарастардың белең алғанына біраз болды. Ғалымдар көптеген жылдан бері қолданылып келе жатқан семантиканың дәстүрлі анықтамасы өзгеруі қажет деп санайды. Сөздің лексикалық мағынасын қарастырады дейтін дәстүрлі анықтаманың аясы тар екенін дәлелдеуге тырысады. Семантика саласы концептілік кеңістікті, схематикалық ақпаратты камтиды деп сипаттайды [2].

Тілдегі семантикалық аспектілердің уақыт пен пресуппозицияны да өзгерте алатын немесе сол белгілі бір уақыттық контекске қарай бейімдей алатын да қабілеті бар. Семантиканың қалай уақытты ауыстыра алатындығы, тілдік көрінісі туралы түрік ғалымдарының зерттеулерінде де талқыланды. Мысалы, түркі тілдеріндегі «hanı» сөзі өткен

немесе болашақ уақытты меңзей отырып, тыңдаушының не сөйлеп тұрған адамның белгілі бір жағдайды түсінуіне әсер ете алатыны жайлы түрік ғалымдарының мақалаларынан көре аламыз [3].

Семантикалық үрдістер тарихи даму барысында ғалымдар тарапынан түрлі аспектілерде қарастырылып келеді. Қазіргі тіл білімінде семантикаға қатысты жаңаша көзқарастар, соны ізденістер пайда болды. Соның әсерінен семантиканың жаңа бағыттары қалыптасып жатыр. Мәселен: құрылымдық семантика, коммуникативтік семантика, интерпретациялық семантика және т.б.

Қазақ тіл білімінде де зерттеушілер тарапынан семантикалық үрдістердің, талдаулардың жүйеленуі қажет екені айтылып жүр. «Семантикалық, психолингвистикалық зерттеулер, мәтін семантикасына қатысты жаңаша көзқарастар, түрлі бағыттар тілдік бірліктердің семантикасының әлдеқайда күрделі мәселе екенін дәлелдеп береді» [4, 212-б.].

Қазақ тілінің бір ерекшелігі – сөздердің тек бір мағынада ғана қолданылмайтындығы. Тарихи даму барысында сөз семасы тарылып не кеңейіп, бастапқы мағынасы өзгеріп отырады. Сонымен қатар, сөз семасының тілдік жағымен қатар, сөйлеу актісі тұрғысынан да қарастырылуы қажеттігін соңғы зерттеулер көрсетуде.

Семантикалық талдау жасаудың сөздің бойындағы ақпараттық, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерін айқындап, танымдық тұрғыдан жүзеге асыруда ықпалы зор. Әсіресе тарихи тұлғалардың, есімдердің, діни-мифологиялық ұғымдардың астарында этномәдени тілдік ақпараттар мол сақталған. Осындай этномәдени компоненттер қамтылған қолданыстардың сырына үңіліп, семантикасын анықтау қашанда өзекті болмақ [5, 261-б.].

Мағына – тілдің коммуникативтік қызметі барысында тілді тұтынушылардың бәріне түсінікті, баяндаушы мен қабылдаушыға ұғынықты ортақ құбылыс. Сөз семасы референттік мағына, денотаттық мағына, сигнификаттық деңгейде және коннотаттық мағына деңгейінде де көрініс табады. Сонымен қатар сөз семасы 1) ақпараттық; 2) репрезентативті; 3) құрылымдық; 4) дискреттік; 5) әлеуметтік белгілерімен ерекшеленеді. Сөздің лексикалық мағынасы тілді қолдану арқылы ақпаратты жеткізгенде не қабылдағанда айтушы мен тыңдаушы тарапынан түрлі жағдаяттық себептермен жаңа мағыналық реңктермен толығып, өзгеріп отырады. Демек, сөз мағынасы сөйлеу үрдісіне, сол сәттегі түрлі жағдаятқа байланысты, не тілдік тұлғаның жеке ой-пікіріне қарай өзектіленіп, дамып не көмескіленіп тұрады.

Қыпшақ тілдерінің батыс-хун бұтағына жататын қазақ және ноғай тілдері грамматикалық құрылымы, лексикологиялық қоры, дыбыстық жүйесі бойынша бір-біріне өте жақын тілдер. Дегенмен тарихи-саяси жағдайларға байланысты тілдер түрлі кезеңдерді басынан өткеріп, әр алуан өзгерістерге ұшырайды. Бірінің сөздік қоры молайып, дамып отырса, екіншісі керісінше құлдыраудан өтеді. Ноғай тілі де тарихи оқиғалар себебінен тұтынушылары азайған тілдердің бірі. Ноғай тілін жойылып кетуден сақтау үшін көптеген зерттеулер арқылы ғылыми негізін, өзіндік табиғатын айқындау керек. Сондықтан жойылу қаупіндегі ноғай тілінің деректерін талдау қазақ тілінің табиғатын тереңірек тануға да мүмкіндік береді. Бұл мақалада көтерілген мәселенің өзектілігін айқындайды. Қазақ тіл білімінде ноғай тілі деректері негізінде семантикалану үдерісінің ерекшеліктерінің анықталуы мақаланың ғылыми жаңалығын сипаттайды.

Ғылыми мақалада қазақ және ноғай тіліне салыстырмалы талдау жасау үшін *нызам*, *қазына*, *нышан*, *сейир*, *татым* және *тоыр/төр* тілдік бірліктері негізге алынды. Қарастырылған лексикалық бірліктердің қазіргі мағынасының пайда болуына қатысты нақты дәлелді тұжырымға жету үшін алдымен тарихи мұраларға шолу жасап, қандай мағынада қолданылғанын зерттеу қажет. Туыстас түркі тілдеріндегі лексемалардың семантикасын кешенді зерттеу арқылы ғана тарихи-салыстырмалы тіл білімінде семантикалық

тұжырымдар жасай аламыз. Төменде қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердің мағынасын жан-жақты қарастырып, семантикалық талдауымызды ұсындық.

### Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында салыстырмалы тіл біліміне, түркі тілдеріне, семантика саласына қатысты қазақ және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен мақалалары, тарихи деректер мен ғылыми еңбектері қолданылды. Сонымен қатар қазақ және ноғай тілдеріндегі көркем шығармалар, мақал-мәтелдер жинағы, фразеологиялық және түсіндірме сөздіктер зерттеуіміздің негізгі дереккөзі ретінде пайдаланылды.

Семантикалық талдау жүргізуде материалдарды жинақтап саралау, іріктеу және диахронды-синхронды сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі мен лексикографиялық әдістер пайдаланылды.

### Талдау мен нәтижелер

Түркі тілдері – күрделі де бұғанасы берік тілдер. Оның даму тарихы өте ежелден бастау алады. Түркі тілдерінің генеологиялық классификациясы бізге тілдерді жүйелі меңгеруге, туыс тілдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, салыстырмалы зерттеулер жасауымызға көмектеседі.

Ноғайлар – тарихта түркі тілдерінің ішіндегі ең көп қуғын-сүргін мен жер аударуды басынан өткерген халық [6, 103-б.]. Жан-жаққа шашырап, қоныс аударуға мәжбүр болған ноғайлар Черкесск, Дағыстан, Ставрополь, Астрахан, Түркияның Анкара, Конья, Ескішехир қалаларында және т.б. аймақтарда өмір сүруде. Қанша қиындықты өткерсе де ноғайлар бай ауыз әдебиеті мен мәдениетін сақтауға тырысқан. Атақты «Едіге батыр» жыры, «Тоқтамыс хан», «Әділ-Сұлтан» батырлық эпостары соның дәлелі бола алады. Дегенмен аталған жырлар лингвистикалық талдауларға сұранып тұрған дүниелер.

Аймақтық таралуы бойынша ноғай тілінің жақсы таралған аймағы – Дағыстан. Өлкедегі білім ошақтары ноғай тілін үйретумен, меңгертумен айналысады. Дегенмен кей бастауыш мектептерінде ноғай тілі оқытылмайды. Ноғайлар өз ішінде ана тілінде сөйлеспеуі, тілдің күнделікті тұрмыстық деңгейде ғана қолданылуы тілдің болашағына қауіп төндіріп тұр.

Ноғай тіліне байланысты зерттеулердің орталығы ретінде – Махачқала мен Черкесск қалалары саналады. Бірақ ноғай тілінің орнына көп жерде орыс тілі қызмет атқарып жүр. Көптеген іс-шаралар мен ресми кездесулер, газет, радио, телехабарлар ноғай тілін тарату үшін ат салысуда. Бүгінде тілді дамыту үшін арнайы ғылыми орталықтар жұмыс жасайды.

Ноғай тілінің өмір сүруінде маңызды саналатын саланың бірі – публицистикасы. Бүгінде Дағыстаннан алғашында «Шоль давысы» аталып, кейіннен «Шольлик бағары» атымен танылған газеті және Қарашай-Черкес Республикасынан жарияланатын «Ноғай давысы», «Лашын», «Маьметекей», «Байтерек» атты публицистикалық газет-журналдарының тілді дамытудағы, танытудағы үлесі зор.

Ноғай тілі туралы зерттеулердің басында 1940 жылғы Н. Баскаковтың («Ногайский язык и его диалекты: грамматика, тексты и словарь», «Ногайско-Русский словарь») еңбектері тұрады. Одан кейін Черкесск қаласында жарияланған «Ноғай тілінің грамматикасы», С. Калмыкованың «Ноғай тілінің әліпбиі», Е. Айвазованың «Ноғай тіліндегі туыстық терминдер», «Қазіргі ноғай тіліндегі атаулар», М. Булгарованың «Ноғай топонимі», И. Каракаеваның «Қазіргі ноғай тілі», т.б. еңбектерін атауға болады.

Қазақ және ноғай тілдері ұқсас, туыс болғанымен, тілдік айырмашылықтар мен диалектілік ерекшеліктері де бар. Көшпенді өмір сүру салты, мәдениеті және этникалық топтардың өзара әрекеті бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына өзіндік әсер еткен [7, 143-б.].

Ноғай тілінде актив қолданылатын тілдік бірліктің бірі – **нызам/низам** сөзі. *Нызам* сөзі араб тілінен шыққан «низам» (نظام) сөзінен тараған, ол *тәртіп, заң, ережелер жиынтығы*

дегенді білдіреді. Бұл сөз ислам мәдениетімен байланысты қалыптасқан, түркі тілдеріне ортақ қолданыстағы сөз болып табылады. Түркі халықтарына ислам дінінің таралуымен бірге ислами құқықтық, діни және мәдени ұғымдар ретінде араб және парсы тілдерінен сөздік құрамына енген.

Қазіргі түрік тілінде *nizam* сөзі белсенді қолданылады және «жүйе», «тәртіп» және «құрал» мағынасын береді. Мысалы: *Evin nizamında Türk kadınlarının vakur zarafeti göze çağrar.* (Түрік әйелдерінің лайықты талғампаздығы үй тәртібінде ерекше көзге түседі). Аталған мағынасында татар, қарақалпақ, өзбек тілдерінде де қолданылады.

Ноғай тілінде *нызам* сөзі *дисциплина, поведение* мағынасын береді. Мәселен, *кыйын нызам* – трудовая дисциплина, *нызам саклав* – соблюдать дисциплину және т.б. [8, 238-б.]. Қарама-қарсы (антонимдік) мәнде жұмсалуды: *нызамлы* – *нызамсыз, нызамлылық* – *нызамсызлық*, т.б.

Тіркесімділік-семантикалық өрісі: *нызам ақсайды. Нызам осал, керектей дәрежеде туыл.* Дисциплина хромает, не на должной высоте [9, 180].

Қазақ тіліндегі мағыналары: 1. Заң, ереже; 2. Жүйе, тәртіп, жүйелілік; 3. Жөн, жосық, құрылыс; 4. Діни заңдар [10]. *Нызам* түбірінен тілімізде аналитикалық тәсіл арқылы туынды *нызам шығу, нызамнама* секілді сөздер де қолданыста бар.

*Нызам* тілдік бірлігінің синонимдік қатары: *тәртіп, жүйе, ереже, қағида, заң, жарғы*, т.б.

*Нызам* сөзінің антонимдері: *бұзақылық, тәртіпсіздік, бейберекетсіздік, жүйесіздік*, т.б.

Тарихи құжаттарда кездесуі: патшалық Ресейдің басқару жүйесіне енгізген заңдар мен реформаларда *нызам* сөзі жиі қолданылған (мысалы, «Сібір қырғыздарының нызамы», 1886 жылғы реформа халық арасында «Жаңа нызам» деп аталған).

Лексемалардың семантикалық ерекшеліктерін айқындау үшін мағынаны макро және микролық деңгейде зерттеу қажет. Микролық деңгейде бір лексикалық бірлікті екіншісімен салыстырып тұжырым жасауға болады. Микролық деңгей деп отырғанымыз, сөздің семалары. Басқаша айтсақ, семантикалық сыңар (компонент) немесе мағынаның құрамдас элементі.

Семалар жалпылаушы (интегралды) және даралаушы (дифференциалды) деп бөлінеді. Кез-келген сөзде өзіне тән белгілер болады, сол белгілердің бәрі де семаны білдіреді. Зерттеуге іліккен *нызам* сөзінің қазақ тілінде төрт түрлі семасын, ноғай тілінде бір семасы бар екенін көрдік. *Нызам* сөзінің түркі тілдеріндегі негізгі, тура мағынасы *ереже, заң* екенін байқауға болады. Оған тарихи құжаттарда қолданылуы дәлел бола алады. Ноғай тіліндегі *дисциплина* семасы бірінші мағынадан шыққан қосымша мағына деп тұжырым жасаймыз.

Зерттеуімізге нысан болған келесі лексикалық бірлік – *қазына* сөзі. Негізінен *хазинө* – 1) байлық, қойма; 2) қазына, аса қымбатты деген мағыналарды беретін араб тілінен енген кірме сөз саналады. *Қазына* сөзінің қазақ тілінде беретін мағыналары: 1. Дүние-мүлік, алтын-күміс, материалдық байлық; 2. Бағалы зат, бұйым; 3. Байлық сақтайтын орын, қойма;

Бүгінде тілімізде *қазына* бірлігінің мағынасы кеңейіп, жаңа ауыспалы мағыналармен толыққан. Мәселен: 1. Жер қойнауында жатқан қазба байлық; 2. Әдеби, мәдени ескерткіштер. Сонымен қатар фольклорлық жырларда *байлық сақтайтын қойманың күзетшісі* дегенді білдіретін *қазына сақшысы, қазына басшысы* дегенді білдіретін *қазынашы* сөзі жиі кездеседі [10].

Ноғай тілінің түсіндерме сөздігінде берілген мағыналары: казна – мемлекет мүлкі, ақшасы. *Казна муьлки, казна байыры* [8, 240-б.].

Ноғай халқының фольклорлық жырларында *казна* сөзі жиі қолданылады:

*Казна, казна мал келсе,  
Казнашы каражылар суьйинер.  
Капы алдына яв келсе,*

*Кулыншак мынан эр Шора  
Кара канга боялар [11, 78-б.].*

Жырда қазына сөзі молишылық, баршылық, көп секілді мөлшер мәнінде жұмсалып тұр. Демек ноғай тілінде қазынаның мөлшер мәнді жаңа семасы қолданыста бар. Фразеологиялық қорынан да мысал келтіруге болады: *Казналы юрт*. Казан – бай кала. Казань – город казны. Богатый город. «Казналы юрт Казанга казак шыгып – бараман», – деп маскаралады Яйык. КО, СТ, 55. [9, 119-б.].

*Қазына сөзінің синонимдері: байлық, мұра, алтын, асыл қазына, т.б.*

*Қазына сөзінің антонимдері: жоқшылық, кедейлік, шығын, құрдым, құр қол қалу, т.б.*

*Қазынасы мол ел – гүлденген ел,*

*Қазынасы жоқ ел – күйреген ел* – сынды қолданыстар мен рухани қазына, білім қазынасы, асыл қазына, тарихи қазына, мәдени қазына, қазыналы қазақ жұрты, қазыналы қария, қазыналы қарт секілді тіркестер тілімізде қолданыста бар. Бұл тіркестерден қазына сөзінің номинативтік мағынасынан бөлек, фразеологиялық байлаулы мағына беріп тұрғанын көре аламыз. Демек екі тілде де қазына сөзінің тура мағынасы, бірінші мағынасы ұқсас. Сонымен қоса мағынаның кеңею процесі нәтижесінде қосымша, келтірінді мағыналары қалыптасқан. Бұл тілдік бірліктің мағынасы дамып, жаңа семалар тудырғанын білдіреді.

*Нышан* сөзі де түркі тілдерінде кеңінен қолданылатын түркі тектес сөз болып табылады. Қазақ тіліндегі мағыналары:

- *Белгі, көрініс* – қандай да бір нәрсенің нышаны немесе көрінісі. Мысалы: 1) Көктемнің нышаны – жылы ауа райы мен гүлдер; 2) *Бір жақсылықтың нышаны бар*.

- Психология бойынша қабілеттіліктің қалыптасуының алғышарты болатын ағзаның және жүйке жүйесінің ерекшелігі.

- *Мемлекеттік белгі, рәміз* – мемлекеттік нышандар: ту, елтаңба, әнұран [10].

*Нышан* сөзінің ауыспалы мағынада жұмсалыуы:

- *ақ көгершін – тыныштық, бейбітшіліктің нышаны;*

- *ауру нышаны;*

Синонимдік әлеуеті: *белгі, ишара, ишарат, нышана, тұспал.*

Антонимі: *белгісіздік, беймәлімдік, жасырын, жойылу, өшіп кету, т.б.*

Профессор А. Салқынбайдың сөзжасам сөздігінде *нышан* лексикалық бірлігінің семантика-синтетикалық тәсіл арқылы жасалған *нышана, нышаналы, нышанасыз, нышанасыздық* туындыларын, аналитикалық тәсіл арқылы *нышан білдіру, жақсы нышан* бірліктерін көрсеткен [12, 384-б.].

Ноғай тіліндегі *нышан* сөзінің мағыналары: 1) метка, отметина, знак, след, признак: *нышаны болған таяк* – палка имеющая метку, палка с меткой; 2) порок, врожденный физический недостаток: *нышаны ман тувған бала* – ребенок, родившийся с каким-либо пороком [8, 239-б.]. Байқағанымыздай, қосымша жаңа мағына үстемелеген. Ноғай тілінде қандай да бір физиологиялық кемістігі бар адамды да осылай атайды. Осыдан келіп ақылынан алжасқан, есінен адасқан жанға да *нышанланды* тілдік бірлігі қолданатынын тұжырымдауға болады. Мәселен: *нышанлану* – сходиться с ума, помешаться, *нышанлы* – имеющий метку, *нышансыз* – неимеющий метку [8, 240-б.].

Түрік тілінде *нышан* (nişan) сөзі үш түрлі мағынада қолданылады. Олар: 1. Белгі, таңба; 2. Нысана (атылатын немесе мақсат етілетін орын); 3. Неке жүзігі. Түрік тіліндегі жаңа бір мағынасы, яғни үйленуге бекінген екі жастың өзара келісуі *нышанлану* деп аталса, арнайы жүзік таққанынан *нышанлы* (яғни басы бос емес) екенін білдіреді. (Bir erkekle bir kadının evlenme vaadiyle birbiriyle yaptıkları sözleşme ve bu sözleşme sebebiyle yapılan yüzük takma töreni) [13].

Зерттеу көрсеткендей, түркі тілдерінде *нышан* лексемасының негізгі, тура. мағынасы *белгіні* білдіреді. Бұл – *нышанның* түркі тілдеріндегі жалпылаушы семасы. Осыдан

туындаған семаларының бәрі де даралаушы, қосымша не ауыспалы мағыналары. Оларды тізбектесек: 1. Психологиялық ұғым (қаз.); 2. Мемлекеттік нышан, рәміз (қаз.); 3. Ақ көгершін (ауысп. қаз.); 4. Кемістік (ноғай); 5. Нысана (түрік); 6. Неке жүзігі (түрік); 7. Некелесу (түрік).

*Сейір* (арабша: *سير*) сөзі араб-парсы тілдерінен енген. Бұл сөз ислам мәдениеті мен араб-парсы ықпалы арқылы түркі тілдеріне таралған. Араб тілінде бұл сөздің бірнеше негізгі мағынасы бар және олар көбінесе *қозғалыс*, *саяхат* және *сапар шегу* ұғымдарына қатысты. Қазақ тілінде екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) сейілдеу, серуендеу, бой жазу; 2) сапарлау, жол жүру.

Фольклорлық жырлардан *сейіл*, *сейір*, *сәйір* секілді фонетикалық варианттарын кездестіруге болады:

*Аң аулап, қырық жігітті қасына алып, Келінті Шөгірліге құрып сейіл* («Мұңлық-Зарлық». Ғашықнаме, 1976).

*Сәйір етіп аруменен жүрсең мұнда, Көкіректе қалмас еді-ау титтей арман* («Шәңгерей Бөкеев». Бес ғасыр жырлайды. III том. 1985).

*Ат мініп сейілдікке о да шықты, Жанына өзі теңді үш қыз ертіп* («Талайлы мен Әйім қыз». Бабалар сөзі. 22-том. 2005. 100 томдық) [10].

Сейілдету – көңілін көтеру, серуендету. *Қазақ халқының қоғамдық құрылысына орай жазбаша шаирдан гөрі «аттың жалы, атанның қомында» суырып салып өлең айтатын, көңіл көтеретін, мұңын сейілдететін ақындар анағұрлым ұнамды болған* (Р. Бердібаев) [14, 219-б.].

*Сейір* сөзінің синонимдік қатары: *серуен*, *қыдыру*, *саяхат*, *жүріс*, *көңіл көтеру*, *демалыс*, *қыдыру*, т.б.

*Сейір* сөзінің антонимі: *қозғалмау*, *тұрақтау*, *тоқтау*, *қимылсыздық*, *қамалу*, *шектелу*, т.б.

Ноғай тілінің түсіндірме сөздігі бойынша *сейір* сөзінің мағыналарына тоқталсақ: *Сейір* – удивительно, изумительно. *Сейір зат* – изумительная вещь, *сейірге калу* – удивляться. Тілдің сөздік құрамындағы түбірлес *сейирсиндируув*, *сейирсинуув* лексемалары да активті түрде қолданылады [8, 292-б.]. Байқағанымыздай тіліміздегі *сапар*, *серуен*, *жол жүру* мағынасын беретін *сейір* сөзі ноғай тілінде мүлде бөлек *таңқаларлық* мәнінде жұмсалады. Ұқсас тілдердегі ортақ сөз мағынасының *бұрынғы мағыналарын сақтай отырып*, басқа жаңа семаға айналуы *мағынаның кеңею процесінен* туындаған деп топшылаймыз. Бұған тілдегі түрлі экстралингвистикалық факторлар әсер еткен болуы мүмкін.

Ноғай тілінен талдауға іліккен келесі *татым* сөзі түркі тектес сөз болып табылады. Қазақ тіліндегі мағыналары:

- Дәм, хош иіс, дәмділік: Белгілі бір тағамның немесе заттың дәмі мен сапасын білдіреді. Мысалы: *Бұл тағамның татымы ерекше екен.*

- Шамалы мөлшер, аз ғана нәрсе: Белгілі бір заттың аздаған мөлшері. Мысалы: *Күніне татым тұз қосып отыр.*

- Көркемдік, сән-салтанат (ауыспалы мағынада): Жағымды әсер қалдыратын нәрсе. Мысалы: *Жақсы әңгімеде татым болады.*

- *Іске жарамдылық, қадір, қасиет, маңыз* (ауыспалы мағынада): *«Мақтағанмен болмайды, Болмаған ердің татымы»* [10].

Тіркесімділік-семантикалық өрісі: *бір татым қымыз, бір татым су, сөзінің татымы жоқ, татымы күшті, татымы жоқ;*

*Татым* сөзінің мағыналық қатары ретінде *дәм*, *ләззат*, *тіл үйіерлік*, *мөлшер*, *жеткілікті*, *қанағат*, *риза болу*, *көңіл толу*, т.б. лексикалық бірліктерін көрсете аламыз.

Ноғай тілінде *татым* сөзі *дәм* мағынасымен қатар *дружный*, *мирный*, *согласный* мағынасын да береді. Тіліміздегі *татулық* сөзімен мәндес. Ноғай тілінің лексикалық



қорында түбірлес *татымлану*, *татымластыру*, *татымласу*, *татымлык*, *татымсу*, *татымсызлык* тілдік бірліктері де қолданылады [8]. Ал дәм мағынасы бойынша *татымсыз* (дәмсіз) сөзі кездеседі. Ноғай тілінің паремиологиялық қорынан да мысал келтіруге болады:

*Ағалы-инили татым болса, минмеге ат көп болар.*

*Абысын тату болса ас көп, ағайын тату болса ат көп.*

Екі тілде де номинативті мағынасы – *дәм*, келтірінді мағыналары – қазақ тілінде 1) *мөлшер*; 2) *жағымды әсер*; 3) *қадір-қасиет* секілді семантикалық сыңарларды сипаттаса, ноғай тілінде – 1) *татулық* мағынасын білдіреді.

Келесі бір лексикалық бірлік – *тоър/төр*. «Төр» сөзі көне түркі тіліндегі *tor*, *tör* формаларынан тарайды, ол бастапқыда *жоғары*, *үстіңгі*, *биік* деген мағынаны білдірген. Осы негізде *билік*, *құрмет*, *орталық*, *рет*, *тәртіп* деген мағыналар туындаған. Қазақ тіліндегі *төр* сөзінің білдіретін семалары: 1. Үйдің ең жоғары, ең құрметті бөлігі:

*Үйдің төріне шық – қонақты жоғары орынға шақыру.*

2. Билік, ханның ордасы, сот орны:

*Ханның төрі* – хан отырған биік орын.

3. Құрмет, мәртебе, абыройлы орын:

*Халық төрінен орын алды* – халық құрметтеді.

4. Ауыспалы мағынада: жоғарғы деңгей, биік тұғыр:

*Тіл төрге шықты* – тілді қадірлеу, мәртебесі өсті.

*Төр* түбірі негізінде қалыптасқан жаңа семалар: *төре* – ақсүйек, билік; *төрелік* – билік айту, төреші болу; *төрге шығу* – құрметке бөлену, жоғары көтерілу; *төркін* – шыққан тегі, туыстық негіз (төркін жұрт); Қазақ тілінде *төр* сөзінің келтірінді мағыналары көп.

Ноғай тілінің сөздігінде мынадай мағыналары көрсетілген: 1) красный угол, почетное место в комнате; *тоърге шығып олтыру*, *тоърдегилер куьлселер*, *эсиктегилер ыржаярлар*; 2) убранная, постланная постель [8, 361-б.]. Ноғай тілінде екі түрлі мағынасы қолданылады. Негізгі мағынасы (үйдің жоғарғы бөлігі) екі тілде де сақталған. Ноғай тілінде жаңа *жиналған/жайылған төсек* семасы қалыптасқан.

Әдетте, сөз мағынасы жеке тұрғандағы атауыштық (номинативтік) мағынасынан бөлек мәтін ішінде, сөзбен тіркескенде қосымша мағыналарға ие болатыны белгілі. Мағынаның дамуы көбінде келтірінді (ауыспалы) семалары арқылы көрінеді. Семантикалық үрдістер – ұзақ уақытта пісіп жетілетін, үздіксіз жүріп отыратын, күрделі құбылыстар. Мағынаның кенеюі не тарылуы үшін сөздің семасы жалпылақтан жалқылыққа не жалқылықтан жалпыға ауысуы керек. Бұған тілдегі ішкі не сыртқы себептер әсер етеді. Сөз мағыналарының дамуында семантикалық заңдар сөздің ішкі мағынасын түрлі жолдармен өзгертеді. Бірақ бірінші мағынасы мен сыртқы формасы сақталады.

Зерттеу нәтижесінде ноғай және қазақ тілдеріндегі ортақ лексикалық бірліктерден *низам*, *қазына*, *нышан*, *сейір*, *татым*, *тоър/төр* сөздерінің семантикалық өзгерістерін айқындадық. Ноғай тілінде *сейір* сөзі «серуен, саяхат» мағынасынан «таңқалу, ғажаптану» мағынасына өзгергені көрсетілді. Ноғай тіліндегі *сейір* сөзінің негізгі мағынасынан бөлек «таңқалу» келтірінді мағынасында жұмсалуы серуен, саяхат кезіндегі таңданудан, таңқалудан туған болуы мүмкін деп тұжырымдаймыз. Саяхат барысында адам жаңа дүниелермен танысатыны белгілі. *Татым* сөзінің ноғай тілінде тек «дәм» ғана емес, «татулық, келісім» мағынасында да қолданылатыны дәлелденді. Мұндағы *татулық* семасы *татым* (*tat/tату*) сөзінің түбірімен байланысты болуы әбден мүмкін. Сөздердің семалық құрылымдарын, синонимдік және антонимдік қатарларын талдау арқылы семантикалық өріс теориясы кеңейтілді. Зерттеуімізге нысан болған лексикалық бірліктердің мағыналық мазмұнын төменде кесте арқылы көрсетуді жөн көрдік:

1-кесте – Қарастырылған сөздердің семалық мазмұны

| Лексемалар    | Қазақ тіліндегі мағыналары                                                                                                                                                                | Ноғай тіліндегі мағыналары                                                              | Туынды сөз                                                                                         |
|---------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1             | 2                                                                                                                                                                                         | 3                                                                                       | 4                                                                                                  |
| Низам/нызам   | 1. Заң, ереже;<br>2. Жүйе, тәртіп;<br>3. Жөн, жосық;<br>4. Діни заңдар;                                                                                                                   | 1. дисциплина, поведение;                                                               | <i>нызамлы –<br/>нызамсыз;<br/>нызамлылық –<br/>нызамсызлық;</i>                                   |
| Казна /казына | 1. Дүние-мүлік, алтын-күміс, материалдық байлық;<br>2. Бағалы зат, бұйым;<br>3. Байлық сақтайтын орын, қойма;<br>4. Жер қойнауында жатқан қазба байлық;<br>5. Әдеби, мәдени ескерткіштер. | 1. мемлекет мүлкі, ақшасы;<br>2. молшылық;<br>3. байлық;                                | <i>казна муьлки,<br/>казна байыры</i>                                                              |
| Нышан         | 1. Белгі, көрініс;<br>2. Психология бойынша ағзаның және жүйке жүйесінің ерекшелігі;<br>3. Мемлекеттік белгі, рәміз;                                                                      | 1. метка, отметина, знак, след, признак;<br>2. порок, врожденный физический недостаток; | <i>нышаны болган таяк;<br/>нышаны ман тувган бала;</i>                                             |
| Сейир/сейір   | 1. Сейілдеу, серуендеу, бой жазу;<br>2. Сапарлау, жол жүру;                                                                                                                               | 1. удивительно, изумительно;                                                            | <i>сейир зат,<br/>сейирге калуь;</i>                                                               |
| Татым         | 1. Дәм, хош иіс;<br>2. Шамалы мөлшер, аз ғана нәрсе;<br>3. Көркемдік, сән-салтанат (ауыс мағынада);<br>4. <i>Іске жарамдылық, қадір, қасиет, маңыз</i> (ауыс мағынада);                   | 1. дружный, мирный, согласный;                                                          | <i>татымланув,<br/>татымластырув,<br/>татымласув,<br/>татымлык,<br/>татымсув,<br/>татымсызлык;</i> |
| Тоыр/төр      | 1. Үйдің жоғары бөлігі;<br>2. Билік, құрмет, мәртебе;<br>3. Жоғарғы деңгей;                                                                                                               | 1. Почетное место в комнате;<br>2. Убранная, постланная постель;                        | <i>төре, төрелік,<br/>төркін, төре шығу</i>                                                        |

Тұжырымдай келе, қарастырылған қазақ және ноғай тілдеріне ортақ лексикалық бірліктер түркі тілдерінің лингвомәдени ұқсастығын, таным-түсінігін анықтауға септігін тигізді. Түркілік түбірлер ғасырлар бойы таным сүзгісінен өтіп, ұлттың жазба мәтіндері үлгілерінде сақталып, семантикалық даму сатыларын басынан өткерген. Бұл жағдайда тілден тысқары экстралингвистикалық факторлардың әсерін де ескерген жөн. Аталған фактор тілге тез әсер етпейтіндігі, адамзат қоғамы мен өркениеті біртіндеп дамитыны мәлім [15, 56-б.].

Семантикалық талдау жасалған тілдік бірліктер қазақ және ноғай тілдерінде түркілік бейнелі ойлау жүйесінің ортақтығын, өміршеңдігін көрсетеді. Ұлт танымының кез-келген қойнауында жатқан тілдік ақпарат қанша ғасыр өтсе де сақталады, мағыналық тұрғыдан дамиды. Қосымша мағыналары қалыптасып, тілдің лексикалық қорын байытады. Сонымен қатар түркі тілдеріндегі ортақ сөздерге семантикалық талдау жасаудың сөздік жасау жұмысын ғылыми және практикалық жағынан дұрыс жолға қоюға көмектесіп, лингвистикалық ортақ база құруда бағыт-бағдар бере алады.

### Қорытынды

Сөз мағынасы ұлттың таным-түсінігімен тікелей байланысты. Түйсік болмаса, біз сөзді айтқанда оның бейнесін, формасын көз алдымызға елестете алмаймыз. Адамның түсінігінде ұғым туралы белгілер болмаса оның мағынасы да айқын, анық әрі нақты болмайды.

Мағына – дербес категория, қоғам нақтылаған тұрақты әрі тілдік ақиқат. Сөз мағынасы сөйлемдегі басқа сөздермен байланысты болады, кейде мәтін арқылы да айқындалып отыратын кездері бар. Сөз мағынасын танудың бір белгісі – түсіндерме сөздіктегі сөзге берілетін анықтамалар. Бірақ семантикалық талдау жасауда сөз анықтамасына ғана сүйеніп қою дұрыс емес. Лексикалық бірліктің сөздіктегі әрбір семасы іштей жіктеліп, бастапқыда қай мағынасынан шыққандығы айқындалу қажет. Көп мағыналылығы, ауыспалы (келтірінді) мағыналарының белгілі бір контексте, фразеология мен паремиологияда, көркем мәтіндердегі қолданысына зер салу маңызды. Осындай жан-жақты талдау барысында ғана семантизациялану процесі нәтиже береді.

Зерттеуімізге нысан болған ноғай тілінің түсіндірме сөздігінен іріктеліп алынған *низам, қазына, нышан, сейир, татым* және *тоьр/төр* сөздеріне ғылыми мақала деңгейінде семантикалық талдау жасап, мағыналық құбылыстардың әлеуетін көрсетуге тырыстық. Салыстырмалы тіл білімі бағытында бір-біріне туыс қазақ және ноғай тілдері қаншалықты жақын болғанымен, ортақ сөздердің мағыналық құрылымдары бойынша біршама айырмашылықтар бар екеніне көз жеткіздік. Зерттеу барысында ноғай және қазақ тілдеріндегі ортақ лексикалық бірліктердің семантикалық құрылымдарын салыстырмалы түрде қарастырдық. Талдау нәтижелері аталған тілдердің лексикалық бірліктерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, олардың тарихи даму барысында мағыналық кеңею немесе тарылу үрдістерін анықтауға мүмкіндік берді. *Низам, қазына, нышан, сейир, татым, тоьр/төр* секілді сөздердің мағыналары олардың әр тілдегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсете отырып, лингвомәдени ұқсастықтарды тереңірек түсінуге көмектесті.

Қазақ және ноғай тілдерінің лексикалық қорының дамуын зерттеу түркі тілдерінің ортақ мәдениеті мен танымын түсінуге, туыстас тілдердің лексикалық байлығын дамытуға септігін тигізеді. Зерттеу нәтижелері болашақта семантикалық талдау әдістерін жетілдіруге, туыстас тілдердегі сөз мағыналарының эволюциясын тереңірек зерттеуге бағыт береді.

Тіл байлығы құрамындағы сөздердің санымен ғана емес, сол бірліктердің беретін мағыналарының санымен де өлшенеді. Сондықтан да болашақ тілші ғалымдар тарапынан семантикалық талдаулар жасалған ғылыми еңбектер мен семасиологиялық зерттеулер көптеп жариялануы қажет деп білеміз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
2. Vicente A. What words mean and express: semantics and pragmatics of kind terms and verbs // Journal of Pragmatics. – 2017. – №117. – P. 231–244. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2017.07.007>
3. Dikmen F., Guerzoni E., Demirok Ö. When tense shifts presuppositions: hani and monstrous semantics // Nat Lang Semantics. – 2024. – 32. – P. 231–268. <https://doi.org/10.1007/s11050-023-09215-y>
4. Ибраимова Ж.Т., Нұртілеуова С.Р., Мужигова Г.М. Қатысымдық мағына – семантикадағы өзекті мәселелердің бірі // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №2. – Б. 210–222. <https://doi.org/10.48081/YANV3714>
5. Сейітбекова А., Көбденова Г. Тарихи этномәдени-семантикалық белгіленім әзірлемесі (орта ғасыр және фольклорлық мұралары материалдары негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӨТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №3, Том 74. – Б. 257–272. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.015>
6. Şehriyar G. Nogay Dili Sorunu ve Nogaycadan Çeviri // Uluslararası Türk Lehçe Araştırmaları Dergisi / International Journal of Turkic Dialects (TÜRK LAD). – 2024. – №8, Cilt, 1. – S. 101–108. <https://doi.org/10.30563/turklad.1477184>
7. Ainabek A., Abdualiuly B., Molgazhdarov K., Artymbayeva B., Aubakirova A., Zhuanyshpaeva S. Effects of Language Learning Strategies on Teaching Toponyms and Folk Geography Terms in Kazakh and Nogai Languages // Journal of Ethnic and Cultural Studies. – 2024. – №11(2). – P. 140–163. <https://doi.org/10.29333/ejecs/2071>

8. Ногайско-русский словарь / под ред. Н.А. Баскакова. – М.: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1963. – 560 с.
9. Шихмурзаев Д.М. Ногайско-русский фразеологический словарь. – Махачкала: ООО «Издательство НИИ педагогики», 2006. – 296 с.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст: М. Малбақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы: Арыс, 2011. – 800 б.
11. Ногай халк йырлары (Ногайские народные песни) / сост. Калмыкова С.А. – М.: Наука, 1969. – 215 с.
12. Салқынбай А.Б. Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі. 2-3-бөлім. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. – 417 б.
13. Kubbealtı Lugatı. (n.d.). *Gizlilik politikası*. Lugatim.com. [Электронды ресурс]. <https://lugatim.com/gizlilik-politikasi> (қаралған күні 27.12.2024)
14. Ондасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 1-том. – Алматы: Мектеп, 1984. – 255 б.
15. Muratbek B.K. Lexical-Semantic System of Words Common in Modern Turkish and Kazakh // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1(127). – Б. 46–57. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.04>

## REFERENCES

1. Orazov M. Qazaq tilinin semantikasi [Semantics of the Kazakh Language]. – Almaty: Rauan, 1991. – 216 b. [in Kazakh]
2. Vicente A. What words mean and express: semantics and pragmatics of kind terms and verbs // Journal of Pragmatics. – 2017. – №117. – P. 231–244. <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2017.07.007>
3. Dikmen F., Guerzoni E., Demirok Ö. When tense shifts presuppositions: hani and monstrous semantics // Nat Lang Semantics. – 2024. – 32. – P. 231–268. <https://doi.org/10.1007/s11050-023-09215-y>
4. Ibraimova Zh.T., Nurtileuova S.R., Muzhigova G.M. Qatysymdyq magyna – semantikadagy ozekti maselelerdin biri [Communicative semantics is one of the most pressing problems in semantics] // Toraigyrov universitetinin Habarshysy. Filologia seriasy. – 2024. – №2. – B. 210–222. <https://doi.org/10.48081/YANV3714> [in Kazakh]
5. Seiitbekova A., Kobdenova G. Tarihi etnomadeni-semantikalyq belgilenim azirlemesi (orta gasyr zhane folklorlyq muralary materialdary negizinde) [Development of ethnocultural semantic markup (based on the material of medieval and folklore heritage)] // Abylai han atyndagy QazHQzhaneATU Habarshysy. Filologia seriasy. – 2024. – №3, Tom 74. – B. 257–272. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.015> [in Kazakh]
6. Şehriyar G. Nogay Dili Sorunu ve Nogaycadan Çeviri [The question of Nogai language and translation from Nogai] // Uluslararası Türk Lehçe Araştırmaları Dergisi / International Journal of Turkic Dialects (TÜRKİAD). – 2024. – №8, Cilt, 1. – S. 101–108. <https://doi.org/10.30563/turklad.1477184> [in Turkish]
7. Ainabek A., Abdualiuly B., Molgazhdarov K., Artymbayeva B., Aubakirova A., Zhuanyshpaeva S. Effects of Language Learning Strategies on Teaching Toponyms and Folk Geography Terms in Kazakh and Nogai Languages // Journal of Ethnic and Cultural Studies. – 2024. – №11(2). – P. 140–163. <https://doi.org/10.29333/ejecs/2071>
8. Nogaisko-russkiy slovar [Nogai-Russian dictionary] / pod red. N.A. Baskakova. – M.: Gosudarstvennoe izdatelstvo inostrannyh i nacionalnyh slovarei, 1963. – 560 s. [in Russian]
9. Shihmurzaev D.M. Nogaisko-russkiy frazeologicheskiy slovar [Nogai-Russian phraseological dictionary]. – Mahachkala: ООО «Izdatelstvo NII pedagogiki», 2006. – 296 s. [in Russian]
10. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh Literary Language. Fifteen Volumes] / Qurast: M. Malbaqov, Q. Esenova, B. Hinaiat zhane t.b. – Almaty: Arys, 2011. – 800 b. [in Kazakh]
11. Nogai halk jyrlary (Nogaïskie narodnye pesni) [Nogai Folk Songs] / sost. Kalmykova S.A. – M.: Nauka, 1969. – 215 s. [in Russian]
12. Salqynbai A.B. Qazaq tilinin sozjasam sozdigi. 2-3-bolim [Dictionary of Word formation of the Kazakh language. Episode 2-3]. – Almaty: Qazaq un-ti, 2016. – 417 b. [in Kazakh]
13. Kubbealtı Lugatı. (n.d.). *Gizlilik politikası*. Lugatim.com. [Electronic resource]. <https://lugatim.com/gizlilik-politikasi> (qaralgan kuni 27.12.2024) [in Turkish]
14. Ondasynov N.D. Arabsha-qazaqsha tusindirme sozdik. 1-tom [Arabic–Kazakh Explanatory Dictionary. Volume 1]. – Almaty: Mektep, 1984. – 255 b. [in Kazakh]
15. Muratbek B.K. Lexical-Semantic System of Words Common in Modern Turkish and Kazakh // Iasauï universitetinin habarshysy. – 2023. – №1(127). – B. 46–57. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.04>